

ТІЛДІК НОРМАНЫ САҚТАУДА ТІЛ ҮЙРЕТУШІ СӨЗДІКТІҢ РӨЛІ

Орыс тілді аудитория өтетін мемлекеттік тілді оқыту сабақтарында мейлі тындаушы, мейлі студент, мейлі мектеп оқушысы болсын қолына шағын сөздіктер ұстап жүретінін байқаймыз. Бұл сөздіктерді олар не үшін және қай кезде пайдаланады? Тіл үйретуде оларға күнделікті дәстүрге айналып кеткен тапсырмалар: мәтінді аудару, сөйлем құрастыру, диалог құрау, белгілі бір ситуацияға байланысты көрініс көрсету, шығарма, мазмұндама жазу, рөлдік ойындар өткізу т.б. беріледі. Осындай тапсырмалар орындау барысында студенттердің көбі сөздіктерді ақтара бастайды. Керекті зат есім, сын есім, етістік т.б. та-

былған соң сөйлем құрастыруға көшеді. Жоғарыдағы тапсырмалар орындалады, бірақ олар құрған кейбір сөйлемдерде тілдік норма сақталмай қалады. Себебі, тіл үйренуші орыс тілі мен қазақ тілі арасындағы кейбір грамматикалық ерекшеліктерді ескере бермейді. Әрқайсысы өз тілінің ықпалына қарай бұра сөз саптайды. Мысалы: *Менде аға бар. Менде уақыт жоқ* немесе *Менде уақыт аз*. Бұл сөйлемдер орысшадан қазақшаға сөзбе-сөз аударылып тұрғандықтан, біз үшін қате болып саналады. Тағы бір мысалдар ретін келтірейік: *Каждый имеет право трудиться* немесе *Каждый вправе трудиться* сөйлемдерін

аудартатын болсақ, көбі былай жазады немесе жауап береді: *Әркім* (кейде *әрбір*) *еңбек ету құқығы бар* немесе *Әркім еңбек ету құқылы*. Әрине, дұрысы: *Әркім-нің еңбек етуге құқығы бар* немесе *Әркім еңбек ету-ге құқылы*.

Тіл мәдениеті мен тілдік норма туралы сөз қозғағанда, тілші-академик Рабиға Сыздықтын: “Тіл мәдениеті” деп нені танымыз? *Мәдениет* деген сөздің семантикасында “дұрыстық”, “түзулік”, “тәртіптілік”, “жүйелілік”, “реттілік”, “қисындылық”, “сәйкестік” деген сияқты мағыналық реңктер (семалар) жататыны белгілі. ... Тіл мәдениеті дегеніміз — тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. ... Тіл мәдениеті дегеніміз — сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді өсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) **нормаларын** ұстану, орнықтыру, жетілдіру”, — деген тұжырымын басшылыққа алған жөн.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда тіл мәдениеті мен тілдік норма сақталмай тұрғаны белгілі. Егер студент қолында жүрген сөздіктерде (*і.с/б.с*) *құқығы болу — иметь право на что-л.* немесе (*б.с.*) *құқылы (болу) — (быть) вправе что-л. делать* деген тәрізді баламалы жүйеде септік атауларының қысқаша көрсеткіші болса, аталған қателіктер болмас еді.

Бүгінде мемлекеттік тілге көңіл әжептәуір бөлініп жатқандықтан, мектеп бітірген орыс тілділердің көп бөлігі септік жалғауларын біршама жақсы біледі деп айта аламыз. Олардың мемлекеттік тілде сөйлеу деңгейі алғашқы жылдармен салыстырғанда соңғы 4-5 жылда жақсы үрдіске көшті. Бірақ өлі де аудиториядан тыс қосымша көмекші оқу құралдарының тапшылығы байқалады. Тіл үйренуші тіл маманы болмағандықтан, теориялық әдебиеттерді ақтарып қарамайтыны түсінікті. Сондықтан оларға арнайы әртүрлі сөздіктер, т.б. құрастыру сұраныс туғызып отыр. Осы орайда ғалым Р.Сыздық: “Тіл мәдениеті проблемасының теориялық негіздерін анықтау, талдау тәсілдерін іріктеу сияқты жұмыстардан бастап, таза ғылыми монографиялар жазу, күнделікті қолданысқа қажет құралдар: анықтағыштар, сөздіктер, тіпті оқулықтар беру тәрізді қыруар практикалық жұмыстар алдымызда тұр. Өйткені күні бүгінге дейін бұл салада біраз ғылыми еңбектер жазылып, практикалық шаруалар

жасалғанымен, олардың өлі де толықтыратын, нақтылайтын тұстары баршылық”, — дейді.

Шынында, осы уақытқа дейін тіл мәселесі бойынша біршама еңбектер жазылып келді және жазылып та жатыр. Ал сөздік мәселесіне келсек, олардың сан алуан түрі жарық көрді. Сөздік жасаудың теориясы және тәжірибесімен айналысатын тіл білімінің лексикография негізінен екі бағытта зерттеу жұмысын жүргізеді. Олар: 1. сөздіктердің түрі мен құрылымын анықтау, мақсат пен міндеттерін көрсету мәселесімен теориялық лексикография шұғылданады; 2. тілдің сөздік байлығын жинап ретке келтіру және нормаға түсіру, сонымен бірге қоғамның тіл мәдениетін арттыру, тілдің сөз байлығын ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмысын тәжірибелік лексикография атқарады. Жалпы тіл білімінде теориялық лексикография ХХ ғасырдың екінші жартысынан қалыптаса бастады. Ал екі тілде сөздіктер жасап шығару бізде ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жүзеге асырыла бастады. Сөздік құрастыру тарихын Н.И.Ильминский (1861), И.Букин (1883), Қ.Кемеңгерұлы (1925), Л.В.Щерба (1940), Н.Сауранбаев (1946), С.И.Ожегов (1952), В.В.Виноградов (1956), С. Кеңесбаев (1977) т.б. есімдерімен байланыстыруға болады. Қарапайым сөздіктерді есептегенде, салалық, тақырыптық, екі тілді сөздіктерден бастап түсіндірме, терминология, синонимдер, антонимдер, географиялық атаулар сөздіктеріне дейін жарияланды. Тізе берсек, сөздіктердің неше түрі оқырманға жетті. Олардың денінің пайдасы зор екені және барынша адамзат игілігіне жұмсалып жатқаны мәлім. Дегенмен, Рабиға Сыздық айтқандай, сөздік жасау ісі бір орында тұрып қалмауы тиіс.

Жоғарыда сөз болған мәселелерге қатысты орыс тілінде Г.А.Золотова, қазақ тілінде А.Аблақов т.б. көп ғалымдар теориялық еңбектер жазды. Аталған авторлардың еңбектері екі түрлі тілде болғанымен, бір-біріне ұқсас мәселелер қарастырылған. Мысалы, Г.А.Золотова етістіктердің өзінен кейінгі тұрған зат есіммен қай септік жалғауы арқылы қалай байланысатынын, түрлі предлогтарды қалайша қажет ететінін байыптайды. Мәселен, “Дательный падеж без предлога: *дарить девушкaм, противоречить фактам, принадлежать народу*” — дей келе: “Дательный падеж с предлогом: *к столу, ходить по газону, судить по делам*” деп мысалдармен көрсетеді. Г.А.Золотова орыс тілі зат есімдерінің етістікпен байланысын жоға-

рыдағыдай үлгіде тізіп шығып, әр септікке предлогпен және предлогсыз мысалдар ұсынады. Осыған ұқсас А.Аблақов төмендегідей мысалдар келтіреді: *мектепті безендіру, үлкенді сыйлау, жеміс ағашын өсіру, атқа міну, суға сүңгу* т.б. Ол предлогтар ұсынбағанмен мынадай тұжырымдар жасайды: “Белгілі бір септік жалғаулы сөздерді лексикалық мағынасына орай тек сабақты етістіктер ғана емес, салт етістіктер де меңгере алады. Мәселен, салт етістіктер ішінен қозғалыс әрекетін білдіретін етістіктер септік жалғауларының ішінен барыс және шығыс жалғаулы сөздерді әр уақытта тілеп тұрады. Мысалы: *мектепке келді, егіс даласына барды*”.

Сонымен бірге А.Аблақов септіктерді берік және әлсіз меңгеруге жатқызады. Бұл жөнінде ол мынадай мысал ұсынады: “*А*” *әрпін тақтаға бормен жазды*. Осы жердегі *-н* жалғаулы табыс септігі берік меңгеруге жатса, *-ға, -мен* жалғаулы барыс және көмектес септіктері әлсіз меңгеруге жатады деп есептейді.

Жоғарыдағы ғылыми теорияларға мән беріп қарасақ, әр автор зат есім мен етістік байланысының өз тілдеріндегі мәселелеріне тоқталады.

Ал “Өзге тілділерді қазақша сөйлеткенде кететін қате неліктен пайда болады?” деген сұрақтың осы проблемаға тікелей қатысы бар. Мұның себебі не? Біріншіден, тіл үйренуші өз тіліндегі грамматикалық ерекшеліктерге сүйенеді. Екіншіден, ана тілінен калькалап аударма жасайды. Осының дәлелі ретінде күнделікті тәжірибеден тағы бір мысал келтірейік. Мәселен халық жиі қолданатын “*байланысты*” деген сөзді алайық. Оны орысшаға аударсақ, 1. *зависеть от чего-л.*, 2. *зависимо от чего-л.*, 3. *связано с чем-н.* деген үш мағынаны береді. Тіл үйренушіге осы сөздермен мысал келтір дейтін болсақ, “*Жақсы білім көп еңбекке байланысты*”, “*Рухани өре тікелей тілге тәуелді*” дегендерді, сөз жоқ, “*Жақсы білім көп еңбектен байланысты*”, “*Рухани өре тікелей тілден байланысты*” деп айтып, жазады. Себебі, қазақ тілінің септіктері орыс тіліндегі сөздіктерде жоғарыдағыдай етістіктен соң келетін септік сұрақтарының ықпалына түсіп өз заңдылығынан айырылады. Осындай қателіктерді болдырмас үшін септелу тәсіліне қатысты орыс тілімен сәйкеспейтін етістіктердің тұсына қазақша септік атауын көрсету маңызды.

А.Аблақовтың мысалындағы бір ғана “*жазу*” етістігінің өзі *нені? қайда? немен?* деген сұрақтарға жауап береді екен. Ал орысша сөздікте осы

етістік *писать что, писать что/чем (сурет салу), писать кому* деп беріледі. Бұл тәсіл орыс тілінен басқа Еуропа тілдері ішінде, әсіресе, неміс тіліндегі сөздіктерде жүйелі түрде жолға қойылған. Бұл орайда неміс тілі мамандары белгілі бір ережелерге арқа сүйейтіні сөзсіз.

Енді немісше-орысша сөздіктерден де мысал келтірейік. *Құттықтау* етістігі орысша *поздравлять кого-н., с чем-н.* болса, немісше дәл сол мағынаны бергенмен, предлогтары да, септіктері де орыс тіліне сәйкес келмейді. Неміс тілінде *gratulieren j-m Dat. zum Dat.* дегендегі *j-m Dat.* – *кому-н.*, ал *zum Dat.* – *к чему-н.* дегенді білдіреді. Тағы осы тектес мысалдар (қазақша нұсқалар автордікі) келтіріп өтейік:

1. *sich enthalten (Gen)* – *воздержаться от чего* – қалыс қалу (*ш.с.*)

2. *sich lustig machen (uber Akk.)* – *смеяться над кем-л.* – күлкі қылу (*т.с.*)

3. *zuhoren (Dat.)* – *выслушать кого-л.* – *тыңдау (т.с.)*

4. *beschuldigen vt. (Gen.)* *обвинить кого-л./в чем-л.* – *кінәлау (т.с./а.с. үшін)*

5. *sich verwandeln (in Akk)* – *превратиться во что-л./в кого-л.* – *айналу (б.с.)*

6. *abhängen (von Dat.)* – *зависеть от кого-л./чего-л.* – *байланысты, тәуелді болу (б.с.)*

Енді үш тілде берілген осы мысалдардағы зат есімнің етістікпен септік жалғауы арқылы байланысын қарастырайық. *Қалыс қалу* етістігімен берілген бірінші мысалда немісше (*Gen*) – ілік септік, орысша *от чего* – *от* + родительный падеж және қазақшасында (*ш.с.*) – шығыс септігі. Салыстыратын болсақ, септік атауларының немісше-қазақша нұсқасы бір-біріне тіпті сай келмейді, ал орысша септік атауы немісшесімен сәйкес болғанымен, *от* деген предлог қатысып тұр.

Екінші мысалдағы *күлкі қылу* етістігі немісше (*uber Akk.*) – *туралы* + табыс септігі арқылы жасалса, орысша *над кем-л.* – *над* + творительный падеж дегенді білдіреді. Ал қазақша нұсқасындағы септік атауы немісшесімен сәйкес болғанымен, *uber* деген предлогтың қызметін атқаратын *жөнінде* көмекші есімсіз қолданылып тұр.

Тыңдау етістігі табыс септігін талап етіп тұрған үшінші мысалда қазақ-орыс тілдерінің нұсқалары сай, бірақ неміс тіліндегі нұсқасында (*Dat.*) – барыс септігі беріледі.

Есесіне төртінші мысалдағы *кінәлаудың* қазақша нұсқасы *табыс* және *атау* септіктерімен қоса

үшін көмекші есімі арқылы жасалынады да, немісшесіне тек (*Gen.*) – ілік септігі қатысады. Ал орыс тілінде *во, в* предлогтарымен бірге *кого-л* винительный падеж, *чем-л* творительный падеж сұрақтары беріледі. Осы жерде үш тілдің зат есімдері етістікпен бес түрлі септік арқылы қолданылғанын көреміз.

Превратиться *во что-л/в кого-л.* – табыс септігі мен предлогтар арқылы жасалатын орысша мысалдың немісшесімен сай келетінін көреміз: (*in Akk*) – *in* предлог, *Akk.* – табыс септігі. Алайда қазақшасы барыс септігінің көмегімен қолданылатынын байқаймыз.

Соңғы мысалдан байқайтынымыз: немісше-қазақша нұсқасы сәйкес, бірақ *von* предлогы қатысады. Орыс тілінде *от* предлогынан соң *кого-л./чего-л.* родительный падеж сұрақтары келеді.

Демек, бұл жерде неміс-орыс тілдерінде сөздік құрастырушылар екі тіл арасындағы сәйкессіздіктерді ескерген деуге әбден болады. Орысша-қазақша сөздіктердің қайсысын алсаңыз да орыс тіліндегі нұсқасында жоғарыдағыдай септік сұрақтарын беру тәсілі көрініс табады. Қазақша-орысша сөздіктер құрастыруда да осындай септік жалғауларының дұрыс қолданылуына әсер ететін тәсілдерді ереже-дәстүрге айналдыруды ескеруге тиіспіз.

XX ғасырдың II жартысында (әсіресе кеңестік биліктің ұлтсыздандыру саясаты тұсында) тіліміздің табиғи ерекшеліктерінің жоғала бастау үрдісі байқалды. Сондықтан сөз болып отырған мәселелер төңірегінде талас туғызатын пікірлер де ұшырасты. Оның негізгі себебі, біз ана тіліміз басқа тілдің ықпалына түсіп кеткенін байқамай қалдық. Осы мәселенің мәнін ашу үшін тағы да мысалдар қатарын келтірейік. Айталық, *егесу, үйлесу, үйлену, дос болу*, т.б. етістіктерінің септіктермен байланысы әр жерде әр түрлі. Бірде *біреумен егесті, біреумен үйленеді, біреумен дос болды* делінсе, енді бірде *біреуге егесті, біреуге үйленеді, біреуге дос болды* деп жатады. Кейде *бірнәрсемен үйлеседі* десек, енді бірде *бірнәрсеге үйлеседі* деп те айтамыз. Қазақ тілінің орыс тілі

ықпалына түсіп кеткені соншалық, филологтың өзі осы ұсынылып отырған мысалдардың қайсысы ұлттық тіл заңына қайшы екенін екенін аңғара бермейді. Ал орыс тілінде мұндай мәселе баяғыдан қабылданып қойған ереже сияқты, қолданылуда бірізділік сақталынып отырады. Өйткені кез келген орысша сөздікте жоғарыдағы мысалдардан соң септік сұрақтары көрсетіледі. Мысалы, *враждовать с кем-н., жениться на ком-л, быть кому-н.другом, соответствовать кому-чему* етістіктерін біз *враждовать человеку, женился с девушкой, быть с кем-н.другом, соответствует с оригиналом* деп ешқашан айта алмаймыз. Себебі, бұл тіркестердің негізі – орыс тіл білімі лексикографиясы бекіткен тілдік норманы сақтауға арналған ережеге барып тіреледі.

Тілдік нормадағы ережеге қатысты академик Р.Сыздықтың мына бір сөзін тағы да дәйекке алуға мүдделіміз: “Тілдік норманың табиғаты екі түрлі: бірі тілдің өзінде қалыптасқан нормалар және ереже бойынша ұсынылған нормалар. Соңғыларды ереже бойынша деп атауымыз шартты. Бұл жердегі ереже дегеніміз – грамматика оқулықтары мен әр алуан сөздіктер, анықтағыштар т.т.”

Ойымызды қорыта келе, дәл қазіргі уақытта тіл мәдениеті мен тілдік норманы сақтаудағы сөздіктердің орны зор деп айта аламыз. Неміс және орыс тілін үйренушілер үшін немісше-орысша сөздіктерде көрсетілген септелу тәсілінің көмегі өлшеусіз. Дәл осы секілді қазақша сөздіктер құрастыру – бүгінгі заман талабы, мемлекеттік тіл талабы.

ӘДЕБИЕТ

1. Мұсабаев *F.F.*, Сауранбаев *H.T.* Орысша-қазақша сөздік. Алматы, 1981. I, II т.
2. Аблақов *A.* Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері. Алматы, 1986
3. Сыздық *P.* Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Астана: Елорда, 2001.
4. Daum/Schenk. Deutsch-Russisch Wörterbuch. Leipzig, 1987
5. Золотова *Г.А.* Синтаксический словарь. Репертуар элементарных единиц русского синтаксиса. М.: Наука, 1988.